<p>-Сәлеметсіздерме балалар ! -Балалар мен гүл теруге шығып едім маған гүл теруге көмектесесіңдерме? -Я көмектесеміз. (музыка***)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Гүл жинаймыз» Шарты: 4 түсті себетке , түсіне байланысты гүлдерді жапсыру, мүсіндеу</p> <p>Гүл ханшайымы: Жарайсындар балалар сендерге көп рахмет менің себетімді гүлге толтырып бердіңдер. -Сау болындар! (жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Сергіту сәті : Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі. (физикалық дағды***)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Гүлдерді толықтыр» Топтық жұмыс. Барысы: түйме тағылған мата және гүлдер таратылып беріледі сол гүлдерді балалар өз қолдарымен түймелейді. (сенсорика)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Су құйғыштың сыңары»</p>	<p>гүлдерден себеттегі гүлді тауып атын атау.</p> <p>Сергіту сәті. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам, Қанатты бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. (физикалық дағды***)</p> <p>Ой қозғау. Гүлді күту ережелері: Көрсету, түсіндіру. Дидактикалық ойын:«Гүлдерді күтеміз» Гүлдердің жапырақтарының шаңын сулы мақтамен сүртеді. Жапырақтары ұсақ өсімдіктерді су шашатын ыдыспен бүркеп-шашып жуады. Суды жапырақтарына тигізбей топырағына құяды. (қоршған ортамен таныстыру)</p> <p>Дидактикалық ойын: Гүл сыйлаймыз» Балаларды топқа бөлу 1-топ: Үлкен құмыра құрастыру. 2-топ: Гүлдерді бояу. 3-топ: Құмыраға гүлдер жапсыру. 4-топ: Гүл қоятын стол мүсіндеу.</p>	<p>Дидактикалық ойын:«Сиқырлы себет» Шарты: Себеттен сипап сезіп, заттарды алу. Гүлге сукұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.</p> <p>Қызығушылықты ояту. Балалар бүгін мен сендердің бәріңді кішкентай ғалымдар еткім келеді. Сендерге ғалым болып, жұмыс жасаған ұнай ма? Ендеше бәріміз мына сиқырлы таяқшаның көмегімен ғалым боламыз. Мынау біздің зертханамыз. Тәжірибе №1 Тәжірибе №1. «Сумен және сусыз» Міндеті: өсімдіктердің өсуі мен дамуына қажетті сыртқы орта факторларын (су, жарық, жылу) бөліп көрсету. Құрал-жабдықтар: екі бірдей өсімдік (бальзам), су.</p> <p>Тәжірибе барысы: Өсімдіктердің неліктен сусыз өмір сүре алмайтынын анықтау (өсімдік қурап қалады,</p>	<p>әдемі » - деді . Мысалы бақбақ қайтадан гүлдейді. Ал енді Қыс туралы не деуге болады?</p> <p>(Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)</p> <p>Орманды да, шалғынды да қар басып қалды; егістіктер, жолдар, төбелер қармен жабылды. Тек қысқы бақ қардан да, аяздан да қорықпайды. Олар үйлерде әйнектің артында гүлдейді. - Адамдарөыс болса да үйде бау-бақша өсіреді, Мұнда гүлдер ең әдемі, - деп мақтанады Қыс. Осылай жыл мезгілдері кімнің гүлдері жақсы екендігі туралы әлі де таласуда. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Ой қозғау. Тәрбиеші: Балалар, қалай ойлайсындар, қандай гүлдер ең әдемі? Б: Гүлдердің бәрі әдемі. -Енді ойын ойнайық. Көктем Жаз Күз Қыс.</p> <p>Дидактикалық ойын:</p>	<p>Керемет, қане гүл туралы тақпақ айтайық. (музыка***)</p> <p>Тақпақ Гүлім, гүлім, өсе бер, Әдемі боп, асыл боп. Күндей жайнап кете бер, Қызыл, сары, жасыл боп. Тәрбиеші: Бір-біріміздің қолымыздан ұстайық, жолға шығамыз. Біз жолдармен жүреміз, жолдармен жүреміз. Біз бәріміз өте ақылды, сүйкімді, әдеміміз. Біз өте татумыз гүлдер еліне келеміз. Тәрбиеші: Балалар, міне біз гүлдер еліне келдік. Қараңдаршы қандай тамаша шалғын. Гүлдер, отырыңыз. (Балалар еңкейеді) Қып-қызыл гүлдеріміз жапырақшаларын ашады (саусақтарды тегіс ашу Жел аздап дем алады,</p>
--	---	---	---	---

	<p>Шарты: Су құйғыштың сыңарын сондай түспен бояу. (сурет салу)</p> <p>Қорытындылау, бағалау. Гүлдер, гүлдер көк гүлдер, Қызыл гүлдер, көп гүлдер Өсе берші нұрланып, Өсе берші ырғалып Балаларды мадақтау.</p>	<p>Бәрі бірге тақпақ айту Гүл өсірдім бөлмеме Болат Үсенбаев Көркі болған үйімнің, Гүлді көрсем сүйіндім. Қызыл, аппақ гүлдерім Күнменен мың құбылды. (құрастыру,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу, музыка***)</p> <p>Қортынды. Такпақ. Педагогтың көмегімен Қызыл жасыл гүл егіп, Баптап, күттік, түрлеттік. Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суардық. Гүлдендірдік ауланы, Аулада гүл қаулады. Балаларды мадақтау.</p>	<p>жапырақтары қурайды, жапырақта су бар); бір өсімдік суарылып, екіншісі суарылмаса не болады (суармаса өсімдік кеуіп, сарғайып, жапырақтары мен сабағы икемділігін жоғалтады т.б.)? Біз бір апта ішінде суаруға байланысты өсімдіктердің күйін бақылау нәтижелерін шығару.</p> <p>Қорытындылаймыз Иә, өсімдіктер сусыз өмір сүре алмайды. Тәжірибе алаңы. №2 Кішкентай ғалымдар. «Гүл қайда жақсы өседі?» Міндеті: өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау, өсімдіктердің топыраққа тәуелділігін негіздеу. Құрал-жабдықтар: екі бірдей кесінді, су құйылған ыдыс, топырақ, өсімдік күтіміне арналған заттар. Тәжірибе барысы: Топырақсыз өсімдіктер ұзақ өмір сүре алатынын анықтаңыз? (мүмкін емес); олар қай жерде жақсы өседі - суда</p>	<p>«Сен қайда, қандай , гүлде тұрасың?» Шарты: Гүлдерді жыл мезгілдеріне қарай орналастыру. (физикалық дағды) Ой дамыту. -Балалар, гүлдердің сөйлейтінін білесіңдер ме? -Қалай ойлайсыңдар, гүлдерді анаңа бергенде не дейді?«Біз оны өте жақсы көреміз» - 1 қыркүйек күні барлық бала гүл алып мектепке, балабақшаға барады. Бұл гүлдер не дейді ойланыңызшы? «Бұл қандай мереке» – Жарайсың, үлкен екенсің ғой, жаңа оқу жылы басталды. Гүлдер әдемі, осы гүлдер тағы қалай әдемі боп тұрады? Көбелектер қонғанда. Ендеше гүлдерге көбелектер қондырайық. Шығармашылық бұрыш 1-топ: Гүлдерді құрастыру Қатар-қатар тұрамын құрастыруға барамын, 2-топ: Гүлдерді жапсыру Адымдап жүрем нық басып, Жапсырайық гүлдерді</p>	<p>жапырақшалар тербеледі (алдында қол бұлғау) Біздің қызыл гүлдеріміз жапырақшаларын жауып тұрады.(саусақтарды қысу) (физикалық дағды) Тәрбиеші: Жарайсыңдар менің гүлдерім, сендер өте әдемісіңдер. Гүлге жақындайық! Мына жерде жапырақтар шашылып жатыр, бұл қай гүлдің жапырағы екен Дидактикалық ойын «Жапырақ қай өсімдіктен?» - Мына жапырақтар мен өсімдіктерге қарап, әр жапырақ қай өсімдіктен түскенін анықтап көр. Тағы жүреміз, жүреміз(жапсыру) Дидактикалық ойын «Су құйғышты ал» - Әрбір өсімдік үшін дұрыс суару ыдысын таңдаңыз. Тағы жүреміз, жүреміз</p>
--	--	---	---	---	---

			<p>немесе топырақта? Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Қорытынды: топырақтағы өсімдікте бірінші жапырақ тезірек пайда болады, өсімдік жақсы күш алады; суда өсімдік әлсіз болады.</p> <p>Қортынды Гүл өсірдім бөлмеме Болат Үсенбаев Үлгі болып өзгеге, Гүл өсірдім бөлмеме. Сұлулықтың сыйлығын Апарамын көрмеге (музыка ***)</p>	<p>топтасып 3-топ: Трафарет арқылы гүлдің суретін салу Секіріп келем қуана, сурет салам қаншама 4-топ: Үлгі бойынша гүлді мүсіндеу Оңға-солға қарайын Ермексазды алайын Мүсін жасап гүлдердің Себетіме салайын. (құрастыру,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)</p> <p>Балаларды мадақтау</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Гүлді әсемде» Шарты: Гүлді сары түске бояу, ермексазбен мүсіндеу (сурет салу, мүсіндеу)</p> <p>Жарайсындар. Енді қайтатын уақыт болды Бір-біріміздің қолымыздан ұстап көзімізді жұмайық та, бір рет секірейік. Тәрбиеші: Міне, балабақшаға келдік. Гүлдер, енді балаларға қайта оралыңдар. Солға, оңға бұрылып, балаларға айналдыр. Қортынды Саяхат ұнады ма? Не ұнады? Балаларды мадақтау.</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау.	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау.	Картотека №14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.	Картотека №18 Құстардың ұшып келуін бақылау.	Картотека №20 Ұяларды бақылау.
Көктем серуен картотекасынан					
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану				

	әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау(мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету,еңбек қызметі)				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№13 1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.	№ 12 1. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз	№ 31. Ояну Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	№51. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.	№61. Ояну Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету,еңбек қызметі)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Аңдардарды үйлеріне орналастыр» -Мына үйлер қандай? -Үлкен үй неше қабатты? - Демек үлкен үйде қандай аң тұрады? -Ортаңғы үйдің аңын тауып бер? -Кішкентай үйде не тұрады? Дидактикалық ойын: «Алға –артқа, оңға –солға» Сюжетті суреттермен жұмыс.	Қимылды ойын: Күн мен жаңбыр Мақсаты: ересектермен бірге қимылдары жеңіл, ойындар ойнауға ынталандыру.	Қимылды ойын: Ұшты-ұшпайды (Көңілді күн әнімен) Мақсаты: ересектермен бірге қимылдары жеңіл, ойындар ойнауға ынталандыру (музыка***)	Дидактикалық ойын. «Гүлді қалай күтеміз» Суретке өз ойын айту. Сурет арқылы гүлдің күту жолдарын айтады. шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі. Тым көп су құюға болмайды. Су бүркегішпен қатты сепсе, жапырақтары сынып қалуы мүмкін. Гүлдің жанында жүгірме, ойнама, гүл құлауы мүмкін. (физикалық дағды***) 3-топқа тапсырма Дидактикалық ойын: «Гүлді ретімен құрастыр» Шарты: Фетр материалдан жасалған гүл құрлысын ретімен кнопқа арқылы құрастыру. (сенсорика,құрастыру)	Дидактикалық ойын: «Суреттер сөйлейді» Шарты: Берілген суретке сөйлем құрау. Суретте гүлге суды не үшін құйып жатыр? Неліктен аралар гүлдің жанында жүр? Ара гүлден не жинайды? Шөптің түсі қандай? Қай мезгілде шөптер жасыл болып шығады? Су құйғыштың түсі қандай? (қоршаған ортамен таныстыру)
Балалармен жеке	Нұрайға дидактикалық ойын:	Іңқарға дидактикалық	Марққа дидактикалық	Алдиярға дидактикалық	Арсанға

жұмыс	«Сиқырлы түстер» Ойын шарты: балаларға түрлі-түсті квадрат-тармен карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайың. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар балалар оларды өсіреді.	ойын: «Көлеңкесін тап» Ойын шарты: Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады. «Деньеш блогтары» Мақсаты: ұжыммен жұмыс жасауға дағдыланады.	ойын: «Артығын тап» Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. Күтілетін нәтиже: Суреттерді атай отырып, не артық екенін айтады.	ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттауды өз ойын айтуды біледі. Топ балаларымен	дидактикалық ойын: «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы түсінеі. Суреттен топтай алады.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау (қоршаған ортамен таныстыру)	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау.	Картотека №14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.	Картотека №18 Құстардың ұшып келуін бақылау.	Картотека №20 Ұяларды бақылау.
Таңғы серуенді бекіту.					
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Балалардың сұранып үйге қайтуы.	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.

Бекітілді: 

Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Бексеитова А.Б.
Исмагамбетова С.О

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы.

Топ: «Көбелек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04-12.04.2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека №11 Дидактикалық ойын: «Түрлі түсті моншақтарды тізу» Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге Үйрету (сенсорика)	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұлдызқұрт» әуенмен Балаларға ойын ойнауды ұсынады. Ойын ережесін түсіндіреді. Балалар бірінің артынан бірі «жұлдызқұрт» болып тізбектеліп тұрады Бірінші ойыншы «басы», соңғысы – құйрығы. (музыка, физикалық дағды)	Картотека №15 Дидактикалық ойын: Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады. (сенсорика)	Картотека № 17 Дидактикалық ойын: «Қоянға көмектес» Ойын мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету. (сенсорика)	Картотека №2 «Макарон моншақтар» Міндеті: Балалар макороннан моншақ жасау. (сенсорика)
коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін,	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер	Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған.	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа,	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз,

	Сыйлығымды ал!	Достарым көп, білемін!	Көзімді көремін.	Дөгеленген шеңберді.	Жан достармыз енді біз.
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Музыка (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Ой қозғау. АҚТ жұмыс. Ғарыш және ғарышкер туралы түсінік беру. -Ғарыш дегеніміз не? -Ғарышкер дегеніміз кім? -Қандай әуе көліктерін білесіңдер? - Мына суретте ең алғаш ғарышқа ұшқан адам Юрий Гагарин. -Ғарышқа қазақтардан кімдер бірінші болып ұшты? -Олар не себептен ғарышқа ұшады? (Аспан кеңістігін зерттейді) (сөйлеуді дамыту , көркем әдебиет)</p> <p>Сергіту сәті. Музыкамен Ал балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық (музыка***, физикалық дағды***)</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Тақырыбы: «Ғажайып ғарыш» Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр» Жұмбақ жасыру: Аспанда бір алып құс Ызғып ұшып барады. Қарап тұрсаң, ғажайып, Соңында із қалады.(Зымыран) Ұшқыш емес, бірақ ол Аспанда қалықтап ұшады Оны кім деп ойлайсыңдар? (Ғарышкер) АҚТ технологиясымен жұмыс.. Ғарышкер дегеніміз олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар. Аспан әлемінде де, көптеген ғалам бар. Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз. - Ғарышкерлер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарыш кемесі деп атаймыз. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Ғарышқа ең бірінші сынақ ретінде итті ұшырған. Содан соң Ю.Гагарин ұшты</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Ой қозғау. Балалар, біздің тобымызда не өзгерді? Не пайда болды? Балалар: жұлдызды аспан, үлкен жұлдыз және бірнеше кішкентай жұлдыздар бейнеленген плакаттың пайда болғанын айту. Қалай ойлайсыңдар, бұл жұлдызды аспан неліктен пайда болды? Қандай мерекені тойлаймыз? Осы айда адам ғарышқа алғаш рет ұшты, сондықтан ғарышкерлер күні тойланады. (сөйлеуді дамыту , көркем әдебиет)</p> <p>Тосын сәт. Ой, балалар, мына жұлдызда бізге жазу жазылған! Мұнда былай делінген: «Балалар, бізге жұлдызды аспанды зымырандар мен ғарышкерлермен безендіруге көмектесіңдер,</p>	<p>Ой қозғау. Тосын сәт. Аспан әлемінен қонаққа Жұлдыз келеді. Жұлдыз балаларды аспан әлеміне саяхатқа апарады. - Біз, қазір балалар, аспан әлеміне ұшақпен барамыз. Ол үшін ұшағымызды мықты етіп құастырып алайық. (сөйлеуді дамыту , көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ұшақпен саяхат» Шарты: Пішіндерден ұшақ құрастыру. Кәне, барлығың еркін отырып, көздеріңді жұмып, көз алдарыңа аспанда ұшып жүргендей болып елестетіндер (ұнтаспадан музыка әуені естіледі). Біз ұшаққа отырып, аспанға көтерілдік. Аспанда күн бізге күлімсіреп қарап сәулесін шашып тұр. (құрастыру, музыка***, физикалық дағды***)</p> <p>Кенет аспан әлемінде ай көрініп, жымыңдап жұлдыздар да көріне бастады.</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Менің сүйікті бұрышым Ғарыш туралы иллюстрациялар қарау. Қызығушылықты ояту. Балалар қараңдаршы мына бір сурет бөлініп қалған. Қане бәріміз құрастырып көрейік не шығады екен. (сөйлеуді дамыту , көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бұл не?» Шарты: Қиынды суреттерді құрастыру. Ғарышкер суреті шығады (құрастыру)</p> <p>Сұрақ-жауап. Бұл кім? Ғарышкер дегеніміз – ғарышқа,аспан әлеміне ұшатын адамдар. АҚТ технол жжұмыс. Аспан әлемінде де көптеген ғалам бар.Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз. Қандай ғаламда өмір сүреміз?. Балалар,сендер қандай әуе</p>

<p>Ой дамыту. Балаларды топқа бөлу. Дидактикалық ойын: «Ғарыш әлемі» 1-топ «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. 2-топ Дидактикалық ойын: «Зымыран» Шарты: Геометриялық пішіннен зымыран жапсыру Ғарышкер қайда ұшады? Б: ғарышқа. Ғарышқа немен барамыз? Зымыранмен Ендеше Ғарыш кемесін, зымыран құрастырамыз. Жұмыс жасау барысы: Педагог тақтада ең қарапайым геометриялық фигуралардан (тік төртбұрыш – денесі, үшбұрыш – тұмсығы және аяғы, шеңбер - иллюминатор) кезең-кезеңімен зымыранды салудың жолын көрсету. (құрастыру, жапсыру сурет салу, мүсіндеу)</p>	<p>Қазақ ғарышкерлері. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Слайдпен жұмыс. Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан. Т. Әубәкіров және Т. Мұсабаев Еліміздің мақтаныштары. ержүрек, батыр, халық қаһармандары. Қазақ ғарышкерлері туралы тақпақтар -Тоқтар – тұнғыш ғарышкер, Арман қуып жасынан. Көктен көзін алмаған, Ұшқыш болды жас ұлан. -Боламын ғарышкер, Тоқтар мен Талғаттай. Көк жүзі күлімдеп, Ер ұлын тапқандай. Шығармашылық бұрыш Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Дидактикалық ойын: «Зымыран» Шарты: фон аспан әлеміне зымыран жапсыру. 2-Топ: Дидактикалық ойын: «Жарқырайды жұлдыздар» Шарты: Аспан әлеміне салынған жұлдыздарды мақта таяқшасымен бояу, мүсіндеу (жапсыру, сурет</p>	<p>жұлдызшамен белгіленген тапсырмаларды орындаңдар. Құрметпен, жұлдыздар»».</p> <p>1 -тапсырма Дидактикалық ойын: «Ғарышкерді тап» Шарты: Алдымызда 3 сурет тұр. Сендер олардан ғарышкерлерді табу керексіңдер. (ғарышкердің, полицейдің, матростың портреттері ұсынылады) Неліктен бұл портретті таңдағанын түсіндіру. Миға шабуыл Сендердің ойларыңша ғарышкер қандай болуы керек? Ғарышкердің денсаулығы жақсы болуы керек. Ол күшті, төзімді болуы керек, Ғарышкерлер өте ақылды адамдар, олар әртүрлі аспаптармен жұмыс істей алады және біледі. 2-ші тапсырма: Сендер болашақ ғарышкер болам десеңдер, бірінші ұшақ жасаңдар. Балаларды топқа бөлу. Дидактикалық ойын:</p>	<p>Біз жоғарыға көтерілген сайын суық ауаны сезіне бастадық. Денеміз тоңғандай болды. Біздің қасымыздан қатты жылдам-дықпен бір құс ұшқандай болды. Ол құс ғарыш кемесі – зымыран екен. Қайтатын уақытта жақындады. Енді біз Жер планетасына ораламыз (балалар көздерін ашады). Жұлдыз: - менің де сенімен қоштасатын уақыт болды. Басқа да балаларды аспан әлеміне саяхатқа апарайын. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалармен қоштасады. Әңгімелесу. -Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Аспан әлемінде қандай кереметтер бар екен? Біз енді аспан әлемінде көргенімізді бір жерге жинақтап құрастырып көрейік Ұжымдық жұмыс Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Шарты:Көгілдір түске аспан әлеміне жұлдыз, ай, күн, зымыранды орналастыру. Шығармашылық дағдыларының, зерттеу</p>	<p>көліктерін білесіңдер? Ұшақ, тікұшақ, зымыран. Иә, ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз. Мына суреттегі ең алғаш ғарышқа ұшқан адам Юрий Гагарин деген кісі. Мынау ғарышқа ұшуға дайындалып жатқан кезі. Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан. Мына суретте өзіміздің қазақ ғарышкерлері — Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов деген ағаларымыз. Бұл кісілер – біздің еліміздің мақтаныштары. Олар ержүрек, батыр, халық қаһармандары. Ал мынау аспан әлемі. Қане аспан әлемімен танысайық. — Аспанда тағы нелер болады, балалар? Күн, ай, бұлттар болады. Ал мынау ұшуға дайындалып жатқан ғарыш кемесі. Онымен адамдар</p>
---	--	---	--	--

	<p>Сұрақ-жауап. Қандай пішіндерден зымыран құрастырдық? Қортынды Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын, Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын.</p>	<p>салу, мүсіндеу) Қортынды .Сұрақ-жауап Ғарышкер дегенді қалай түсінеміз? - Біздер қандай ғаламда тұрамыз? - Ғарышқа сынақ ретінде бірінші болып қай жануар ұшты? - Ғарышқа ұшқан орыс азаматы кім? - Қазақ елінен кім ғарышкерлер ғарышқа ұшты? Балаларды мадақтау.</p>	<p>«Ұшак» 1- топ: Шарты. Берілген фонға зымыран бөліктерін жапсыру. 3-топ: Дидактикалық ойын: «Зымырандар ұшады» Шарты: Зымыранды бояу. 3-Топ: Дидактикалық ойын: «Бөлігін тап» Шарты: Геометриялық пішіндерден зымыран бөліктерін тауып құрастыру. Қарандаршы, біздің жұмысымыз қаншалықты қызықты болды! Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) (құрастыру) 3-тапсырма. Сергіту жаттығуын орындаңдар, күш алыңдар. Сергіту сәті: «Көңілді күн» Музыкамен. (музыка***, физикалық дағды***) 4-тапсырма: Ғарышкер</p>	<p>іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қортынды Сұрақ –жауап Балаларды мадақт</p>	<p>аспанға ұшып,аспан кеңістігін зерттейді екен. Мынау Байқоңыр ғарышайлағы. Ғарышкерлердің бәрі осы жерден ғарышқа ұшады екен. Мына суретте ғарыштағы адам, ол үстіне арнайы киім, яғни скафандр киген. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ,сондықтан ол жақта тек осындай арнайы киіммен ғана жүруге болады. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалар,біз ғарышкерлер туралы тақпақты бірге қайталайық. Әубәкіров ағаның Даңқы көкке самғаған. Тоқтар аға Гагарин Салған жолын жалғаған. Арман қуған баламын Таудай асқақ талабым Тоқтар, Талғат ағаның Ізбасары боламын. Шығармашылық бұрыш Үлгі. Аспан әлемі. Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p>
--	--	---	--	--	--

			туралы тақпақ айту. Ғарышкер ағалар. Фариза Оңғарсынова Көк аспанға қараймын, жұлдыздарды санаймын. Осынша көп моншақты төгіп кеткен қалай кім? Жарқырайды, лаулайды, бірақ жерге жаумайды. Жұлдыздар балаларды мақтап, өздерінің жұлдызшаларынан беру. Келесі кездескенше! Қорытынды: Балаларды мадақтау.		Балаларды бақылау. Қортынды Балаларды мадақтау.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №7 Қараторғайды бақылау.	Картотека №8 Көктемгі ауа райын бақылау.	Картотека №9 Құстарды бақылау.	Картотека №14 Ағаштарға бақылау жасау.	Картотека №19 Бұталарды бақылау.
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жаттығу кешені № 16 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып	Жаттығу кешені № 17 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық	Жаттығу кешені № 18 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық	Жаттығу кешені № 19 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда-мында созылып	Жаттығу кешені №20 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін,

	Шынығып бір алайық.	Бір күлімдеп алайық.	Төсектен біз тарайық	Тарқасайық, тұрайық	Ұйқымызды ашайық
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Дәрігер» сюжетті-рөлді ойын Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалар топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыра алады.	Еркін ойын:» сюжетті-рөлді ойын Мақсаты: сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген жұмысты жасай алады. (сенсорика, құрастыру)	«Жол полициясы» сюжетті рөлді Мақсаты: Транспортшылардың, автоинспектор қызметкерлерінің еңбектерін құрметтеуді біледі.	«Аспазшы» сюжетті-рөлдік ойын Мақсаты: Азық-түлік өнеркәсібінің қызметкерлерінің еңбегі туралы біледі.	Қимылды ойын: Менің зымыраған көңілді добым. Ойнаушы балалар тобы (5-6 адам) жартылай дөңгелек құрып, тәрбиешінің жанында тұрады. Допты бейнелейтін бір бала орнында тұрып секіреді, ал тәрбиеші алақанын оның басына қойып, мынадай өлең айтады. Көңілді добым, о, менің, Домалап қайда жөнелдің? Қызыл, сары, көгілдір, Жел аяқсың-ау өзің бір! Бұдан кейін доп қашып кетеді, тәрбиеші балалармен бірге оны ұстайды. Ойын жаңа доппен қайта басталады. Балалар ойынды әбден үйреніп игергенде, бәріне де доп сияқты секіруді ұсынуға болады. (музыка***, физикалық дағды***)
Балалармен жеке жұмыс	Абдурахманға «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың	Алдиярға түрлі түсті жолақшалар. Мақсаты: Балаларды ұзын – қысқа, түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуге үйрету.	Сайтқа «Кілтті тап» Мақсаты: Балаларды түстерді, геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру, ойлау қабілеттерін	Фатимаға «Қажет суретті тап» Ойынның мақсаты: Үлкен және кіші ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды	Нұрайға «Көжекті жасыр» Мақсаты: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету.

	геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.		арттыру.	топтауға үйрету.	
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен	Картотека №7 Қараторғайды бақылау (қоршаған ортамен таныстыру)	Картотека №8 Көктемгі ауа райын бақылау (қоршаған ортамен таныстыру)	Картотека №9 Құстарды бақылау.	Картотека №14 Ағаштарға бақылау жасау (қоршаған ортамен таныстыру)	Картотека №19 Бұталарды бақылау.
Таңғы серуенді бекіту.					
Балалардың Үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу. Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Кеңес: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға) Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. Ата –аналарға: Балалардың тазалы

Бекітілді: 

Әдіскер: Асанова Л.М.
Тәрбиешілер: Бексеитова А.Б.
Исмагамбетова С.О

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы.

Топ: «Көбелек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.04 - 19.04.2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Қимылды ойын «Өз үйінді тап» Шарты: Кілемнің үстінде геометриялық фигуралар жатады. Олар үйшіктер, балалардың қолдарында геометриялық карточкалар болады. Музыка ойнап тұрады, балалар кілем үстімен айналып жүреді. Музыка тоқтағанда әр кім өз үйшігіне барады. Білмеген бала ойынан шығады. (музыка***, физикалық дағды***)	Картотека №2 «Макарон моншақтар» Міндеті: Балалар макороннан моншақ жасау. (сенсорика)	Картотека №14 Қонжықтар. Міндеті: Заттардың мөлшерін, шамасын салыстыру. (сенсорика, құрастыру)	Картотека №7 «Балықты ұста» Міндеті: Балалар түсі арқылы балықтарды топтастыру.	Картотека №3 «Шыршаны безендір» Міндеті: Заттың түсің ажырату.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				

Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірмін, Сыйлығымды ал!	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!	Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка (Маман жоспары бойынша) Қызығушылықты ояту. Менің сүйікті бұрышым Ертегілер әлемі. Иллюстрациялар қарау. - Сендерге ертегі айтып берейін сендер мұқият тыңдаңдар, - Бәріміз мына сыйқырлы тақтаға қарайық. - Ертегінің аты «Бауырсақ пен тышқан». - Ертеде тауық пен тышқан керемет дос болыпты. - Бір күні тауық бір уыс бидай тауып алады да, досы тышқанға бидайды үгітіп беруін сұрайды. - Ал тышқан болса мен үгіте алмаймын дейді. - Амалсыздан бидайды тауық өзі үгітеді. - Диірменнен шыққандай мап-майда ұн жасап, одан қамыр илейді. - Илеген қамырдан енді бауырсақ пісір дейді-	Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша) Қызығушылықты ояту. Өлең оқу. «Бауырсақ» Апам менің пісірген Қызыл күрең бауырсақ Шықпай қояр түсіңнен Біраз жемей сағынсақ Сұрақ-жауап Өлең не туралы айтылған? (музыка***) Ой толғау. Суретпен жұмыс - Бауырсақты түсі көлемі қандай? - Бауырсақ неден жасалады? - Бауырсақты қайда пісіреді? (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Дидактикалық ойын: «Бауырсақ жасау»	Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша) Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?» Шарты: Суреттегі мамандық иесінің не істейтінін жанына жұмыс түрін қойып айтып шығу. Диқаншы-егін егеді, баптағайды Тракторшы- жер жыртады Наубайшы -нан пісіреді Диірменші-ұн тартады (қоршаған ортамен таныстыру) АҚТ технологиясымен жұмыс Экраннан ертегілер кейіпкерлерін көрсету. Сұрақ-жауап Балалар, бүгін бізге қай ертегінің бас кейіпкері қонаққа келді екен, қарандаршы! (үстелдің үстінде бауырсақты домалату) Бұл ертегіні бәріміз де	Қызығушылықты ояту. Өлең оқу Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Сұрақ-жауап Өлең жолдары не туралы айтылған? (музыка***) Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. - Балалар, неге нанды ас атасы деп айтамыз? - Ал енді нан дастарханға қалай келеді екен? (слайдтан көрсету) Көктемде бұл тракторлармен жерді жыртып, оны тырмалап, жерге мынандай бидай дәнін себеді. (балаларға бидайды көрсету) - Келесі суретте нені көріп тұрсыңдар? бұл егін алқабы.	Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша) Ой қозғау. Дидактикалық ойын: «Суреттер сыры» Шарты: Педагог көрсеткен суретке жауап беру. Жалқау бала, еңбек сүйгіш бала. Түсіндіру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ой дамыту Суретпен жұмыс. Суретте не көріп тұрсыңдар? Қандай жұмыс жүргізіп жатыр? - Үйдің ауласына не отырғызып жатыр? - Көктем мезгілінде адамдар айналаны бәрін тазартады.

<p>тышқанға. -Әлгі еріншек тышқан өзің пісіре салшы мен шаршап тұрмын диді. -Содан тауық бір табақ қылып бауырсақ пісіріп, табаққа салынған бауырсақты жоғары көтеріп-бауырсақты кім жейді-дейді? -Мен, мен,-деп тышқан жүгіріп келеді. -Сонда тауық: -Бидайды үгітуге де, бауырсақты пісіруге де ешқандай үлес қосқан жоқсың. Еңбек етсең ерінбей- тояды қарының тіленбей,- дейді де тышқанды үйінен қуып шығады. -Содан бері тауықтар тышқанды көрсе, үрке қарайды екен. -Балалар ертегі ұнады ма?-ия. -Ертегі не туралы айтылған?- «бауырсақ» дұрыс (көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)</p> <p>Миға шабуыл. Тауық немен дос болды? Ол не тауып алды? Тышқаннан қандай көмек сұрады? Тышқан не еді?</p>	<p>Шарты: Бауырсақтың жасалуын қимылмен көрсету. Ұнды аламыз, илейміз, қамырдан бауырсақты жасаймыз, отқа пісіреміз.</p> <p>Тосын сәт АҚТ технологиясымен жұмыс. Экраннан наубайшы шығады. Амандасу. -Балалар маған көмек керек. Мен пісірген тоқаштар дүкендерге жетпей жатыр сол үшін маған көмек керек. Балалар Наубайшыға көмектесеміз бе? Сөздік жұмыс: Тоқаш, наубайхана. Сергіту сәті Бидай жерге отырды, Жасыл түске айналды. Бидай желмен қимылдап, Жауын жауып жайқалды. (физикалық дағды***) Наубайшыға көмек Ұжымдық жұмыс: «Тәтті тоқаш»құрастырамыз Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Балалардың назарын</p>	<p>білеміз, есімізге түсіріп көрейікші. Ертегіні дауыс ырғағын келтіріп айтып беру Ертегі желісінен сұрақ-жауап. бауырсақтың пішіні қандай? Бауырсақтың түсі қандай? Жан-жаққа қарандаршы, топта домалақ пішінді қандай заттар бар? Табиғат бұрышындағы күнді көрсету. Бауырсаққа тағы не ұқсайды? Доп, Алма т.б (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Сергіту сәті. Музыкамен Алма, алма, көп алма, Қызыл, сары, көк алма. Теріп, теріп алайық, Себеттерге салайық. (физикалық дағды***, музыка***)</p> <p>Тосын сәт Есік қағылып, почташы хат әкеледі. Хатты ашу. Ата мен әжеден Құрметті балалар бізге көмек керек. Біздің бауырсағымыз қашып кеткен. Енді оны қу түлкі жеп қоятын болды. Бауырсақты табуға көмектесулеріңді сұраймыз</p>	<p>- Келесі суретте нені көріп тұрсындар? - Егінді орып жүрген комбайн. Ол бидайды тазартып көлікке салып береді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Сергіту сәті: Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып, көктеп шықсын деп. Күз болғанда орады Нанға біздер тойсын деп(физикалық дағды***)</p> <p>- Келесі суретте диірменде бидайдан ұн тартып шығарады. (ұнды көрсету) - Иә, тартылған ұнды наубайханаға апарып, сол наубайханада нанның әр түрін пісіреді. Ал, мына суретте нан дүкен сөрелерінде өз сатып алушыларын күтуде. Сонда нан дастарханға оңай жолмен келеді ма екен? Көптеген еңбекпен келеді екен. (қоршаған ортамен таныстыру) Сөздік жұмыс: комбайыншы, тракторшы, наубайхана, элеватор.</p>	<p>- Ағаштар, гүлдер отырғызады. Ағаштар мен гүлдер әдемі болып өсу үшін қандай қамқорлық көрсете аламыз? Балалар не істеп жатыр? Еңбек етіп жатыр. (қоршаған ортамен таныстыру) - Иә, балалар, ағаштардың, гүлдердің түбін қопсытып, суғарып, арам шөптерін жұлып отырамыз. Айналамызды таза ұстауға-біздің басты міндетіміз, себебі айнала таза болса, біз демалатын ауа да таза болады. Ағаштар көп болса, ауа таза болады. -Тағы қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр? Далада жер жыртып егін егуге дайындайды Сергіту сәті: Музыкамен Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық. (физикалық дағды***, музыка***)</p>
--	---	--	--	--

	<p>Тышқан қандай деп ойлайсыңдар? Бұл жерде еңбекқор қайсысы? Шығармашылық бұрыш. Дидактикалық ойын: « Нан түрлері» Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Сары ермексаздан бауырсақ мүсіндеу. 2-топ: Дастарқанға нан жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру)</p> <p>Ой қозғау. Нан туралы қандай мақал-мәтелдер білеміз Мақал-мәтел. “Нан болса, әнде болады”. “Ас атасы – Нан, Нан атасы - дән”. Жарайсыңдар. Балаларды мадақтау.</p>	<p>үлгіге аудару Түрлі түсті картоннан жасалған тоқаш бөлшектерін құрастыру Балалардың өз бетінше жұмысы. Қадағалау. Дидактикалық ойын: «Біздің тоқаштар» Балалардың жұмысын бағалау Наубайшыға жіберу. Телефон шырылдау, наубайшы телефон арқылы рақмет айту. Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</p>	<p>Ата-мен әжеге бауырсағын тауып берейік. Дидактикалық ойын: «Тәтті бауырсақ» Шығармашылық бұрыш Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</p> <p>Ой қозғау. Нан туралы тыйым сөздер үйрету. Дәнді шашпа, нанды баспа. Нан— тамақтың атасы Мағынасын түсіндіру. Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p>	<p>Ой қозғау - Нанға байланысты мақал – мәтелдер үйрету, түсіндіру. 1. Нан бар жерде ән бар 2. Дәнді шашпа, нанды баспа. 3. Ас атасы – нан Қортынды. - Бүгінгі оқу қызметімізде не туралы айттық? - Нан біздің дастарханымызға оңай келеді ма екен? - Иә, ол үшін көптеген адамдар еңбек етеді екен.</p>	<p>Ой қозғау. - Ауладағы шашылып жатқан қоқыстарды қайда саламыз? - Балалар, қоқыстарды, арнайы қоқыс жәшігіне саламыз. Дидактикалық ойын: «Қоқыстарды жинаймыз» Шарты: Қоқыс жәшігіне қоқысы суреттерді жапсыру. Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау.	Картотека № 3 Желді бақылау.	Картотека № 4 Аспанды бақылау.	Картотека № 5 Бұлтты бақылау.	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау.
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				

Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№13 Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.	№ 12. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз.	№ 3 Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	№5 Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.	№6 Ояну Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. . (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Суретші» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту. Ресурстар: Ақ парақ, қарындаш Жүргізілу барысы: Тәрбиеші балаларға кез-келген геометриялық бейнені салуды ұсынады. (төрбұрыш, үшбұрыш, шаршы) Салуға арналған бейненің санын бала өзі таңдайды. (сурет салу, сенсорика, құрастыру)	Дидактикалық ойын: «Гүлдер әлемі» Мақсаты: Бірлесе құрастыру барысында сыйластық қарым-қатынас орнату Ресурстар: Гүлдердің екіге бөлінген суреттері Ойынның барысы: Тәрбиеші бірнеше гүлдердің екіге бөлінген суреттерін үстел бетіне жайып қояды. Балалар қарап шығып, тәрбиешінің нұсқауы бойынша екіге бөлінген суреттерді біріктіріп гүлдер бейнесін құрастырады. (құрастыру)	Дидактикалық ойын: «Суретшінің қатесі» Мақсаты: Балалардың заттар мен құбылыстардың белгілерін сипаттауды, айқындауды, талдауды, ойлануды үйрету Ресурстар: Заттардың қателесіп салынған суреттері (қыс мезгіліне жазды, құстың ұясына итті тб қателескен суреттер жиынтығы) Ойынның барысы: Тәрбиеші суреттерді тақтаға іледі. Мұқият қарауды сұрайды. Суретшінің қандай қателік жібергенін сұрайды Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	Дидактикалық ойын: «Жануарларды құрастыр» Мақсаты: Үй жануарлары жөнінде балалардың білімдерін бекіту. Жануарларды сипаттап айтуды үйрету. Ресурстар: Әр түрлі жануарлар бейнеленген суреттер (2 данадан) Ойынның барысы: Суреттің бір данасы бүтін, екіншісі 4 бөлікке бөлінген. Балалар бүтін суреттерді қарайды, содан соң оларды үлгісіз, бөлінген бөліктерден сурет құрастырады. Сипаттап айтады. (сенсорика, құрастыру)	Дидактикалық ойын: «Көгалдағы әдемі гүлдер Мақсаты: Түстерді қабылдауын дамыту, түс бойынша жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру. Ресурстар: Жылы, суық түсті геометриялық пішіндер Ойынның барысы: Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша жылы түстер мен суық түстерден гүлдер бейнесін құрастырады. (сенсорика, құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Абдурахманға дидактикалық ойын: «Ғажайып қалта»	Сайтқа саусақ ойын. «Саусақты демалту» Саусағымыз	Нұрайға дидактикалық ойын: «Шарларды өз себетіне жинаймыз»	Іңкарға дидактикалық ойын: « Күннің шуақтары»	Алдиярға дидактикалық ойын: «Ойыншықты

	Мақсаты: Ойыншықтардың ажыратып тани білуге үйрету, ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту.	шаршады, (қолдарын үстел үстіне қояды) Демалуды қалады.(ары бері қозғайды) Саусақтарды жазайық, (қолдарын көтеріп, саусақтарын жазады) Бір, екі, үш, демалтып бір алайық. Топ балаларымен	Шарты: балалар шашылған шарларды өз түстерімен себетке жинайды.	Шарты .балалар фетрден жасалған күнге шуақтарын жапсырады.	табайық?» Шарты: Құм ішінен ойыншықты іздейді. Тапқан ойыншықтың атауын айту. Балаларды мадақтау.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)	Картотека № 3 Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)	Картотека № 4 Аспанды бақылау.	Картотека № 5 Бұлтты бақылау.	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау.
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың Үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)

Бекітілді: 

Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Бексеитова А.Б.
Исмагамбетова С.О

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы.

Топ: «Көбелек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **22.04 –24.04.2024 жыл**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<p>Картотека №11 «Қажет суретті тап» Ойынның мақсаты: Үлкен және кіші ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету.</p>	<p>Картотека №12 « Жұбын тап» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Картотека №13 «Өз үйіңді тап» Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.</p>	<p>Картотека №14 Қонжықтар. Мақсаты: Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыру. Аз – көп түсінігін қалыптастыру.</p>	<p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жоғарырақ лақтыр». Нұсқау – допты қағып ала алатындай биіктікке лақтыру. Егер доп домалап кетсе, допты ойыншының қолына беру(физикалық дағды***)</p>
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу .(мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған.	Бойыңды сергек тік ұста Емін – еркін тыныста	Топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық.	Бір, екі, үш, Қане, қанат қағамыз.	Жел улейді у-у Құйын келіп билейді

дайындық	Сабақтары салалы, Желмен бірге жайқалған.	Демінді ішке тез алда, Сол қолыңды соз алға. Оң қол да бос тұрмасын, Шеңбер жасап зырласын	Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн	Бір, екі, үш, Қарлығаш боп ұшамыз. Бір, екі, үш, Жинап алдық күш.	зу-зу Қатты, қатты жел соқты гу-гу Жапырақтар қол соқты ду-ду
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Музыка (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>Жұмбақ жасыру: Гүлдерге қонады Шырынын сорады Түр-түсі сары ала Бұл не сонда? Ара Жұмбақта не жайлы айтылған. Аралардың үйін (Омарта) дейміз. Аралар дәмді не арқылы сезеді? Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, зиянды жәндік пе? (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Аралар» Шарты: аралар сияқты дыбыс шығарып, қимылдар жасау. (музыка***, физикалық дағды***)</p> <p>АКТ технол жұмыс. (Слайд арқылы) Гүлзардағы гүлдерден қандай араларды көрдіңдер?</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Тосын сәт Аудио дыбыс. Ой балалар ненің даусы. Бұл көбелектің дауысы ғой Экраннан көбелекті көрсету. көбелектерге бір жайсыздық болыпты. Олар жаңбырға түсіп қалды. Жаңбыр көбелектердің бояуын жуып тастаған. Көбелектердің қайтадан әдемі болуына көмектесейік. (музыка***, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Көбелекке көмек» Шарты: Көбелектерді бояу (сурет салу)</p> <p>Сергіту сәті: Көкбелектер ұшады Айнала құлпырады Гүлдер бүршік жарады Бәрі жақсы болады. Дыбыстық жаттығу. кү-кү-кү - еңбек сүйгіш</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызығушылықты ояту Дидактикалық ойын: «Ненің даусы» Шарты: дауысты ажыратып айту. Тосын сәт Көбелек кіреді. (ұзын таяққа қағаздан жасалған көбелекті байлап көрсету) Телефоннан аудио. -Сәлеметсіздерме балалар. Мен көктем келгенін білмей қатты ұйықтап қалыппын, ұйқымнан оянсам ешкім жоқ, мен достарымды таба алмай жүрмін. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Ой қозғау. -Балалар көбелектің достарын тауып беруге көмектесеміз бе. Балалардың жауабы. Балаларды топқа бөлу. Жасыл шөп, Қызыл</p>	<p>Ой дамыту. АКТ технологиясы. Слайд. Жәндіктер туралы түсіндіру. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жәндіктер» Шарты: Жәндіктердің бейнесін құрастыру. Балалардың алдарында конвертті ашып, жәндіктерді бейнесін құрастыруға үйрету. (құрастыру)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жәндіктер қалай дыбыстайды?» Қимылмен көрсету. Ара – ызылдайды ыззз-ызз Шыбын – ызындайды Шегіртке – шырылдайды. Бақа – бақылдайды, құрылдайды. Сергіту сәті: Көкбелектер ұшады Айнала құлпырады Гүлдер бүршік жарады Бәрі жақсы болады. (музыка***, физикалық дағды***)</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызығушылықтары н ояту. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Қылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен. Мағынасын түсіндіру. (құмырсқа) Ертегіні айтып беру. Ертегі желісі бойынша сұрақ қою. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Ой қозғау. Сұрақтар: -Ертегі қалай аталады? -Құмырсқа нелермен дос болыпты? -Құмырсқаның осы достары жайлы не ойлайсыңдар? Құмырсқаға нелер көмектесті? -Кәрі құмырсқа не айтты? Суретпен жұмыс.</p>

<p>Олар қалай ызылдайды? Аралар гүлдерден бал жинайды. Оны аюжақсы көреді. Ол омартадағы балды жеуге тырысады. Аралар оны жолатпайды. (балалар ыз-ыз-ызындағанын келтіреді) Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе? Дидактикалық ойын: «Аралар мен аюлар» Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Араның ұясын жапсыру. 2-топ: аюды бояу. Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Дидактикалық ойын: «Аралар қалай ұшады?» Көзге жаттығу: Аралар сендермен ойнағысы келеді. Сендер олардың ызындап қалай ұшатынын байқап, көздеріңмен ілесіп отырыңдар. Аралар жоғары, төмен, оңға, солға ұшады. Дидактикалық ойын: «Аралар әлемі» Шарты: Қиынды суреттер арқылы араның бейнесін құрастыру. (құрастыру)</p>	<p>құмырсқа лік-лік-лік – ұшып жүргенинелік кө-кө-кө – гүлге қонды көбелек қо-қо-қо-қоңыз Дидактикалық ойын: «Көбелекті гүлге қондыр» Шарты: «әр түрлі гүлдер мен көбелектер берілген, гүлдің түсіне сай көбелектерді жапсыру., мүсіндеу (жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жәндіктер қалай қозғалады?» Балалар, енді мен сендерге бір қызықты ойын ойнауды ұсынамын. Мен допты лақтырып, бір жәндіктің атын айтамын, ал сендер маған оның қалай қозғалатынын айтуларың керек пе? Жақсы ма? (физикалық дағды***)</p> <p>Қызықты әңгімелер. Тәрбиеші: Балалар, сендер жер бетіндегі ең күшті не екенін білесіңдер ме? Б:Құмырсқа! Ол өзінен 10 есе ауыр салмақты көтереді! Құмырсқаның үйі қалай</p>	<p>гүл, Сары гүл Дидактикалық ойын:«Көбелекке дос керек» 1-топ Жасыл шөп Қоңыздың суретін боялған тұзбен. 2-топ Қызыл гүл Көбелектің суретін боялған күрішпен желім арқылы жапсыру 3-топ Сары гүл Ермексаздан құмырсқа бейнесін мүсіндеу (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Балалардың жұмысын бағалау. Көбелекті ұшырып әр топтың жұмысын көрсету. Көбелектің қуануы (аудио) рақмет айту (музыка***, физикалық дағды***) Ой қозғау. Көбелекке достары туралы тақпақ айтып берейік. (Алдын ала жүргізілген жұмыс) Көбелек - ау, көбелек Әдемісің гүлдейсің Ұстап сені не керек Ойнамайсың күлмейсің.</p>	<p>Дыбыстық жаттығу. — Ағайынды аралармыз, — Еңбек үшін жаралғанбыз — 333 -333- 333 — Шыбын іздеп күні бойы, — Гүл бақшаны аралаймыз — 333 — 333 —333 — Қалмай ұшып соңынан — Ара қуды Мұратты — 333- 333 – 333 Әсел гүлді жақсы көреді. — Шағып алып қолынан — Досымызды жылатты. — Ууу-ууу-ууу (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Дидактикалық ойын: «Аралар әлемі» Шарты: Араларды бояу. Дидактикалық ойын: «Араны гүлге қондыр Шарты: Гүлге араларды жапсыру Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Ара Қадыр Мырза Әли Қызғалдақтың қасына Қойып едім қондырмай, Бізін сұғып басыма, Шақты ара ондырмай. Балаларды бағалау.</p>	<p>жәндіктердің суретін көрсетеді, балалар атын атап, дыбысын салады. (музыка***) Дидактикалық ойын: «Еңбекші құмырсқа» Шарты: Құмырсқаларды құрастыру(құрастыру) Топтарға бөліну: Тақпақтар 1-топ Құмырсқа тобы: Менің атым-құмырсқа Шаршамаймын жұмысқа Дән тасимын жаз бойы Демаламын мен қыста 2- топ Инелік тобы: Ұзын құйрық инелік Инелікке тимелік Вертолетті жасады Инеліктен үйреніп 3- топ Аралар тобы: Гүлден сорып, бал жинап Терлеп жанын қинайды Және өзіне жиғанын Адамдарға сыйлайды Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің</p>
--	--	--	---	---

	Қортынды. Ой дамыту. Егер жәндіктер жер бетінен мүлдем жойылып кетсе не болар еді? Олар жазда көп бола ма? Жәндіктер қайда қыстайды? Кейбіреулері құрт, куыршаққа айналады. Кейбіреулері тасалау жерге тығылып, ұйқыға кетеді Балаларды бағалау.	аталады? Құмырсқаның илеуі. Қорытынды. Бүгін біз нелер жайлы айттық? Оларды біз сөзбен қалай атаймыз? Білетін жәндіктерді атаңдар? Балалардың жауаптары. Мадақтау.	Құмырсқам-ай, құмырсқа Тоқта, бір сәт, тыныста! Зыр жүгіріп барасың, Асықтың ба жұмысқа? Көбелекке достарын себетке салып беру Көбелекпен қоштасу. Қортынды Балаларды мадақтау.		дамуы (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Қорытындылау. Балаларды мадақтау.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау.	Картотека № 2 Күнді бақылау.	Картотека № 4 Аспанды бақылау.	Картотека № 5 Бұлтты бақылау.	Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.
Көктем серуен картотекасынан					
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 3 «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабакты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.	№4. Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа сөз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	№5. "Кұстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Кұстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Кұстар көңілденіп	№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап,	№7. «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады-

	- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.		жатыр" –қолды шапалақтау.	жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау.	Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету,еңбек қызметі)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. (сенсорика)	Түрлі түсті жолақшалар. Мақсаты: Балаларды ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуге үйрету. (сенсорика ,құрастыру)	«Кілтті тап» Мақсаты: Балаларды түстерді , геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру , ойлау қабілеттерін арттыру. (сенсорика)	«Қажет суретті тап» Ойынның мақсаты: Үлкен және кіші ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету. (сенсорика ,құрастыру)	Дидактикалық ойын:«Геометриялық домино» Ойын шарты: Геометриялық пішіндер әр түрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері әр түрлі болады (қызыл, көк, жасыл, сары) (сенсорика)
Балалармен жеке жұмыс	Алдиярға «Үй жануарлары мен төлдері» Ойынның шарты: Үй жануарларының төлдерін айыра білу.	Арсанға дидактикалық ойын: Көрпені жамауға көмектес!» Шарты: геометриялық пішіндермен таныстыру. Геометриялық пішіндерді орналасқан орны бойынша таба білу. Пішіндер арқылы бос орындарды жабу.	Маркқа «Ойыншықтарды тап!» Ойын шарты: Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады.	Нұрайға «Көжекті жасыр» Мақсаты: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету.	Фатимаға «Жол белгілерін қою» Ойын шарты: Балаларға көше макетін мұқият қарау ұсынылады.Сосын қай жерге қандай белгі қою керектігін айтқыза отырып, жол белгілерін қою.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Картотека №11	Картотека № 2	Картотека № 4	Картотека № 5	Картотека №13

	Ағаштарға бақылау жасау (қоршаған ортамен таныстыру)	Күнді бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)	Аспанды бақылау.	Бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)	Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)
Таңғы серуенді бекіту.					
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Бекітілді: 

Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Бексеитова А.Б.
Исмагамбетова С.О

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы.

Топ: «Көбелек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 29.04 – 03.05.2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру7					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека №14 Қонжықтар. Міндеті: Заттардың мөлшерін, шамасын салыстыру. (сенсорика, құрастыру	Картотека №1 «Көжекті жасыр» Міндеті: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдау.		Картотека №7 «Балықты ұста» Міндеті: балалар түсі арқылы балықтарды топтастыру.	Картотека №14 Қонжықтар. Міндеті: Заттардың мөлшерін, шамасын салыстыру.	Картотека №1 «Көжекті жасыр» Міндеті: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдау.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.					
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүрмін. Қатар тұрар шеңберде,	Қол ұстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды		«Кел, балалар күлейік» Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.

	Досым көбін білемін.	екенбіз.		керек, Көңілді боп жүрейік!		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Музыка (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызығушылықты ояту. Өлең оқу Ж. Түрбеков. Туған елім. Туған өлке – кең далам, Мәңгілік бақыт орнаған. Сайраңдаймыз саянда Ерікті ұлан – біз балаң. Сұрақ – жауап. Өлең не туралы айтылған? Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз? (музыка***)</p> <p>Ой дамыту Меңгерілген білім дағдыларын естеріне түсіру. –Біз қандай мемлекетте тұрамыз? –Біздің Отанымыз</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызығушылықты ояту. - Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасындарма? Балалар біз бүгін Астана қаласына саяхатқа барамыз. - Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасындар? Ұшақпен. Ендеше өзімізге ұшақ жасап алайық. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ұшақ» Шарты: Геометриялық пішіндерден А3 форматқа ұшақ жапсыру. Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды</p>		<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызығушылықта рын ояту. Тосын сәт. Қоян келеді. Балаларды орманға қонаққа шақырады. Балалар орманға барамыз ба? Орманға саяхат. Ал енді көзімізді жұмып айналамыз.Сиқырды ң күшімен орманға келіп жеттік (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Суретпен жұмыс. Қане барлығымыз мына суреттерге қарайықшы, ормандағы аңдармен танысайық. Бірге аңдардың атын айтайық. Таныстыру,түсінік беру. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Шаттық шеңбер Достар бері, келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. (Г.Абдрахманов) Тосын сәт. Айгүл келеді. Балалардан достар туралы білгісі келетінін айтады. Пед жет ойын: «Егер..., онда...» Допты бір балаға беріп, сөйлемді бастап айтады: -Егер досың сенен жақсы көретін ойыншығынды сұраса, ... -Егер досыңды ренжетіп қойсаң, ... -Егер досың сенімен ойнамай қойса,... Соңғы сұрақ арқылы баларды ойлануға жетелеу, әртүрлі</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызығушылықты ояту. Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап Саяхатқа немен шыққан ұнайды? Автобус пен поездың айырмашылығы неде? Автобуспен саяхатты таңдау Біз ол үшін автобус жасап алуымыз керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Саяхат автобусы» Шарты: Фетр материалдан жасалған пішіндер арқылы автобусты түйме арқылы құрастыру. Саусақ моторикасын дамыту. (сенсорика, құрастыру)</p> <p>Музыка әуені. 1.«Достық</p>

	<p>не? -ҚР рәміздерін ата ? -Оларға сипаттама беру -Астанамыз қалай аталады? Біздің мемлекетте әр түрлі ұлттар тұрады. Орыс, неміс, өзбек т.б Олар бір-бірімен тату –тәтті тұрады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Ой қозғау. Отан туралы тақпақ жаттау. –Мағынасын түсіндіру. Отан. Ж Әбдірашев. «Отан - атам, Отан - әкем!» Осы сөзім қате мекен?! Қате болса, Неге біздер Дейміз оны «Атамекен?!» Дидактикалық ойын: «Туған жерді гүлдендір» Шарты: Дайындалған карта бетіне гүлдер, жүрек суреттерін</p>	<p>жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Әуен қойылады. Астана арман қала Бағы бір жанған қала Тұрады ол жап-жас болып Мен үлкен болғанда да. Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала Астанаға да келіп жеттік. Ендеше Астана қаласының көрікті жерлерімен танысайық. (музыка***, физикалық дағды***)</p> <p>Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс. Астана қаласындағы</p>		<p>Дидактикалық ойын: «Ненің құйрығы» (қыстырғышпен жұмыс) (Лулия шеңбері) (сенсорика)</p> <p>Дидактикалық ойын: “Аңдар не жейді?” (Лулия шеңбері) (құрастыру)</p> <p>Балаларды бақылау. Аңдарға жаттығу жасап көрсетейік. (физикалық дағды***)</p> <p>Тосын сәт. Қоянды біреу қорқытты... Қоян дар секіріп қорқып жүр. - Балалар, қу түлкі жақын жерде келе жатыр, қоянды ұстағысы келеді, оларды үйлерге тығып қояйық. (Түрлі түсті үйлер, әр қоянды өз үйіне тығып қою керек) - Балалар, бірақ түлкі терезеден қояндарды көреді. Енді не істеу керек?</p>	<p>жауаптарын тыңдау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс. Балаларға «Екі дос» деген әңгімесін айтып беру,мазмұны бойынша сұрақтар қою : -Әңгімеде кімдер туралы айтылған? -Неліктен достардың біреуі ағаш басына шығып кетті? -Қалай ойлайсындар, ол дұрыс істеді ме? - Оныңорнындасенде рболсаңдар не істередіндер. Дидактикалық ойын: «Суреттер сөйлейді» Мнемотехника тәсілі арқылы әңгімені айтуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Жақсы мен жаман»</p>	<p>аялдамасы» -Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма? -Неліктен дос керек деп ойлайсындар? Біздің топта өзге ұлт балалары бар ма? - Біз білетін достық ережесі қандай еді? - жолдастарыңа көмектес. -қолыңнан келген істі өзгеге үйрет. (музыка***, физикалық дағды***)</p> <p>2. «Отбасы аялдамасы» Ой дамыту Суретпен жұмыс. - Балалар отбасы деген не? - Ең алдымен отбасында не болуы керек? Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек -Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>3. «Бақыт аялдамасы» Міне, балалар соңғы аялдамаға да келіп</p>
--	---	---	--	--	--	---

	<p>жақсы сөздер айтып жапсыру</p> <p>Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Балаларды мадақтау.</p>	<p>көрікті жерлермен таныстыру.</p> <p>Бәйтерек туралы түсінік беру.</p> <p>Тосын сәт. Осы кезде жетекшінің қалта телефонына хабарлама келеді. Жетекші ашып оқиды.</p> <p>Балалар қараңдаршы бізге басқа топтың балалары хабарлама жіберіпті:</p> <p>«Амансыңдарма? Астанаға жеттіңіздерме? Біз Бәйтеректі көргіміз келеді деген. Ендеше балалар біз Бәйтерек макетін құрастырып сыйлыққа апарайық</p> <p>Ой қозғау.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бәйтерек»</p> <p>Бәйтерек те қандай пішіндер бар? Төбесі неге ұқсайды? Балалардың суретті құрастыру жолдарын бақылау. Құрастыру жұмысын бағалау.</p>		<p>(Оларды жабу керек) (Балалар бір түсті үйлердің терезелерін пішіндер арқылы жабады, ал түлкі оларды іздейді)</p> <p>- Түлкі қоянды таппай, орманға жүгіп кетіп қалды.</p> <p>- Ой, балалар мына жерде себеттер тұр, оның ішінде қояндарға арналған сәбіздерді түлкі алып кетіпті, қояндардың қары ашатын болды, оларға сәбіз жасап берейік.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қоянға сыйлық береміз»</p> <p>Ермексаздан сәбіз жасау жолдарын түсіндіру, көрсету.</p> <p>Жасаған сәбізді себетке салып қояндарға беру</p> <p>Ал біз қояндардың барлығында сәбіз жеткілікті ме?</p> <p>- Балалар, енді қояндарды сәбізбен сыйлайық.</p> <p>қуанып қалсын.</p> <p>Шығарма шылық</p>	<p>Шарты: Берілген суреттен тақырыпқа байланысты жақсы мен жаман қылықтарды айырып жинау, өз ойын айту.</p> <p>Рефлексия</p> <p>-Бүгін біз не жайлы әңгімелестік? Достық қандай болу керек? Айгүл балаларға дос туралы көп үйренгенін айтып қоштасады.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қайық»</p> <p>Шарты: Геометриялық пішіндерден А3 форматқа қайық жапсыру.</p> <p>Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік</p> <p>Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру,</p>	<p>жеттік. Яғни, біз бақыт аялдасамызда тұрмыз. Біздің ата-анамыз жанымызда, қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз.</p> <p>Бекіту кезеңі: (алдын ала жүргізілген жұмыс)</p> <p>Бәрі бірге</p> <p>Бейбіт елдің ұланы, Оттай лаулап жанамыз. Бұл бақыттың ұраны, Біз бақытты баламыз.</p> <p>Балаларды мадақтау. Дидактикалық ойын: «Поезд»</p> <p>Шарты: Геометриялық пішіндерден А3 форматқа поезд жапсыру.</p> <p>Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік</p> <p>Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p>
--	---	--	--	--	--	--

		<p>(сенсорика, құрастыру)</p> <p>Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп толамыз Күнге қарай талпынып Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Орнымызды табамыз - Балалар сендер Астана туралы тақпақ білесіңдерме? Тақпақ: Астанам Ардақталды Астанам, Мәртебелі бас қалам. Көркейе бер күн сайын, Алға қарай, бас қадам. Ендеше балалар туған жерге ораламызба? Туған жерге оралу. Сұрақтар ілмегі -Балалар сендерге саяхат ұнады ма? - Міне біз туған жерімізгеде, өз</p>		<p>дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қояндарға арнап ән айтып берейік, олар Ақ қояным, Қояным! Сені бағып, жаямын. Шыққан кезде күн көзі, Шығармауға аядым. (музыка***)</p> <p>Қояндар рақмет айтып қоштасу Балаларды мадақтау.</p>	<p>мүсіндеу) Ой қозғау. «Неге біз орманмен доспыз? Ал бұл адамдарға не үшін қажет? Орман ережелерін білеміз бе? Ереже Бұтақтарды сындырмаңыз және ағаш қабығын зақымдамаңыз. Орманда қоқыс қалдырмаңыз. Құстардың ұяларын бұзбаңыз. Құмырсқа илеулерін жоймаңыз. - Гүлдерді қолдарыңызбен сындырмаңыз кеме, көлік жасайды. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>	
--	--	---	--	--	---	--

		балабақшамызға ор алдық. - Туған жеріміз қалай аталады? - Балабақшамыз қалай аталады?				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.					
Серуен	Картотека № 3 Желді бақылау	Картотека № 4 Аспанды бақылау		Картотека № 5 Бұлтты бақылау	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау	Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.
Көктем серуен картотекасынан						
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.					
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)					
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау					
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№2 - Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен. - Кереуетте жатып велосипед тебу. - Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.	№4 Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.		№5 "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" – қолды шапалақтау	№7 «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн»	Жаттығу кешені № 17 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық

					керемет, керемет - алақан соғады.	
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан						
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қозғалыс ойын: «Затты тауып ал». Балаларды (әр бала үшін жасырылған ойыншығы бар) ғажайып қорапшаны іздеп табу үшін жұмсайды. (физикалық дағды***)	Санамақ Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде – бесеуіміз		Отан Бақытты боп жүргенім Сенің арқаң, Ұлы Отан. Елім менің –тірегім, Құшағында гүл атам.	Туған өлкем . Өтебай Тұрманжанов Көгіңде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем!	Дидактикалық ойын: «Кім қандай көлікті қалайды?» Шарты: Суреттен өздеріне ұнаған машинаны көрсетеді. Тақпақ. Мәшинем оталды, Орнымнан қозғалды. Жолымды байқаймын, Асықпай айдаймын
Балалармен жеке жұмыс	Абдурахманмен Үстел үсті ойыны. Логикалық тапсырмалар. «Бөліктерін тап»Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.	Нұраймен суретпен әңгіме «Менің Қазақстаным» Мақсаты:балалармен әңгімелесу.		Фатимамен суретпен жұмыс «Суретші қай жыл мезгілін салды?» Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру	Арсанмен менің Қазақстаным әңгіме жүргізу. Сұрақ – жауап. Топ балаларымен	Алдиярмен «Қажет суретті тап» Ойынның мақсаты: Үлкен және кіші ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау					
Серуен	Картотека № 3 Желді бақылау (қоршаған	Картотека № 4 Аспанды бақылау (қоршаған		Картотека № 5 Бұлтты бақылау	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау	Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін

	ортамен таныстыру)	ортамен таныстыру)				бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)
Таңғы серуенді бекіту.						
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.		Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру

Бекітілді:

Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Бексеитова А.Б.
Исмагамбетова С.О

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы.

Топ: «Көбелек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **06.05 –10.05.2024 жыл**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Саусақ ойынына арналған өлеңдер Бала, бала, балақан, Қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай, былай ойнат. қозғалтады. (қимылмен) (физикалық дағды***музыка***)				Саусақ жаттығуы: Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Орған терек – ағам, Шылдыр шүмек – апам Титтей бөбек – мен
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Күнмен бірге тұрамыз , Күспен бірге ән				Мен де балғын гүлмін Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім

	<p>саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз баламыз.</p>				<p>Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Музыка (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Тыныштық сәті: (Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау) Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер? -Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? - жаңбыр, найзағай, жел, жапырақтардың сыбдыры т.б -Дұрыс айтасыңдар. Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Осы естіген дыбыстарыңды, яғни табиғат құбылыстарын құмның бетіне түсіріп көрейікші. Құммен сурет салу ережесін түсіндіру. құмды шашпаймыз, төкпейміз, аузымызға салмаймыз.</p>				<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызығушылықты ояту Балалар, ол бізге қонақ келді. Кім табады? (жұмсақ ойыншық) Өзі қу, жүрген жері шу. Балалар: Түлкі.. Дұрыс .Бүгін бізге түлкі қонаққа келді. Түлкі: сәлем, балалар: қыздар мен ұлдар. Мен орманда тұрамын, орманда көп жүремін. Орман ағаштарымен әдемі. Сендер ағаштар туралы не білесіңдер. Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр Сендер ағашқа не бере аласыңдар білесіңдер ме? (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ағашқа не керек?» Шарты. Мен суреттерді ұсынамын (күн, құстар, тамшы, жер, тұқымдар, т.б.). Балаларды топқа бөлу. 1-топ: -Мен ағашқа күнді беремін. Ол жарқырайды, бізді жылытады және жапырақтары жасылға айналады.</p>

(сенсорика)

Құммен сурет.
Бұлт, жапырақтар, жаңбыр тамшысыт.б
Тақпақ: Табиғат
Табиғат біздің анамыз,
Жер–Ана біздің панамыз.
Таза болса табиғат
Біз де аман боламыз.
Ой қозғау.
«Неге біз орманмен доспыз?
Ал бұл адамдарға не үшін қажет?
Орман ережелерін білеміз бе?
Ереже
Бұтақтарды сындырмаңыз және ағаш қабығын зақымдамаңыз.
Орманда қоқыс қалдырмаңыз.
Құстардың ұяларын бұзбаңыз.
Құмырсқа илеулерін жоймаңыз.
- Гүлдерді қолдарыңызбен сындырмаңыз кеме, көлік жасайды.
(қоршаған ортамен таныстыру)
Тосын сәт.

Ағашқа күнді жапсыру.
2-топ: Мен ағашқа құс беремін. Ол ағашты құрттардан тазалайды, ән салады.құстарды ермексаздан жасап ағашқа жапсыру.
3-топ: Мен ағашқа бір тамшы су беремін. Ол ішіп, жапырақтары жайқалып үлкен болып өседі. Суды бояп, ағашқа жапсыру.
4-топ: Мен ағашқа жер – топырақ беремін, ағаш жақсы өссін, ол тамақтансын деп. Топырақтың суретін құрастырып ағаш түбіне қою.
Біз бәріміз тұқым береміз. Олар көп болсын, өссін деп.
Тұқымды ағаш түбіне ермексаздан жасап жапсырады.
Түлкі керемет балалар сендер ағашқа қамқорлық жасауды біледі екенсіңдер. **(жапсыру,мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)**

Тағы бір ойын ойнайық.

Дидактикалық ойын: «Иә немесе Жоқ»

1. Көктемде ағаштар жапырақтары сарғая ма? (Жоқ).
2. Күзде күнді бұлт жауып тұра ма? (Иә).
3. Жәндіктер өздеріне ұя салады ма? (Жоқ).
4. Жануарлар күзде оңтүстікке ұшады ма? (Жануарлар ұшпайды).
5. Қыста егін еге ма? (Жоқ, егінді көктемде егеді)
6. Күн нұрын шаша ма? (Иә).

Стол астынан
 конверт тауып алу.
 Тамашалу. Конвертті
 ашу.
 Ішіннен кеме
 суретері шығады.
 Балалар мына кеме
 суреттерін әсемдеу
 керек сияқты, не
 істеуге болады. Бояу
 керек сияқты.
Кемені бояу
(сурет салу)

Дидактикалық
ойын: «Ағаш
бөліктерін тап»
Шарт: Ағаш
 бөліктерін ретімен
 құрастыру.
(құрастыру)
 Неліктен ағаштарға
 тамыр керек? (тамақ
 үшін)
 Ағаштарды тірі деп
 айта аласыз ба? Иә,
 өйткені ағаштар
 өседі, қоректенеді,
 тыныс алады,
 көбейеді - бұл
 олардың тірі екенін
 білдіреді. Оларды
 қорғау керек.

Дидактикалық
ойын: «Ретімен
жаса»
 Үстелде ағаш

7. Жануарлар күнге күйе ме?
 (Жоқ, олар жай ғана жылынып
 жатыр)
(қоршаған ортамен таныстыру)

Түлкі: Ал енді мен сендерді
«Жел мен жапырақтар» ойынын
ойнауға шақырғым келеді.
 Сендер жапырақтар боласыңдар,
 ал мен самал жел боламын. Самал
 жел соғады дегенде қолдарыңды
 жоғары көтеріп, бұлғайсыңдар,
 мен **Жел ұйықтап қалды** десем,
 жапырақтар қозғалмайды.

Қимылды ойын: «Жел мен
жапырақтар»
 Жапырақтар, жапырақтар.
 Бұтақтарда отырады
 Кенет жел соқты, жел соқты олар
 қатты қозғалып кетті.
 Түлкі жарайсыңдар балалар
 бүгінгі күн өте қызықты болды.
 Менің қайтатын уақытым болды.
(физикалық дағды*,**
музыка*)**

Түлкі, осындай қызықты
 ойындарың үшін рақмет. Балалар
 жақсы демалды.
 Балалар саған арнап тақпақ айтып
 берсін
 Түлкі айтты. Түлкімін
 Тұнып тұрған күлкімін
 Бұлаң - бұлаң, құйрығым
 Текке өтпейді бір күнім.
 Түлкі Балалар, сендер қандай
 жақсы балаларсыңдар . Рақмет
 сендерге

	<p>бөліктерінің (тамыр, бұтақ, дің, жапырақтар,) аралас графикалық үлгілері бар .</p> <p>Ағаштың құрылысының ретін жапсыру. Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру, көрсету. біріншіден тамыр шығады, ол жерде орналасады, діңі тамырдан кетеді, діңнен бұтақтар шығады, бұтақтарда жапырақтар өседі.(жапсыру)</p> <p>Ал егер ағаштар мен гүлдер сөйлей алатын болса, олар бізге мынаны айтар еді: «Орман әлемін сақтаңдар Бұтақтарды сындырмаңдар, Бізге су құюды ұмытпаңдар, Бізді баспаңдар» деп айтар еді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>				<p>Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p>				

Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау				Картотека №16 Бұталарды бақылау.
Көктем серуен картотекасынан					
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау(мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық				Жаттығу кешені №10 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тосын сәт. Қанқызының келуі Балалар мен достарымнан адасып қалдым маған көмек керек. Дидактикалық ойын: «Қанқызының достары» Ой дамыту. Үлгі көрсету. Ермексаздан мүсіндеу жолдарын				Қызығушылықтарын ояту. Өлең оқу Ш. Смаханұлы. Доп Добым менің, добым менің, Өзің неткен көңілді едің. Зымырайсың, кутындайсың, Бірақ менен құтылмайсың. Сұрақ-жауап Өлеңде не туралы айтылған? Ой дамыту Доп туралы түсінік беру. -Сұрақ – жауап . Доп

	түсіндіру. (мүсіндеу) Балалардың өз бетінше жұмысы.				қандай? -Оның пішіні қандай? -Доп неге ұқсайды? -Доп қандай қимыл жасайды? -Доптың түсі қандай? -Доп неден жасалған? -Біз доппен қандай ойындар ойнаймыз? (сенсорика)
Балалармен жеке жұмыс	Іңкарға дидактикалық ойын:«Қандай пішін шықты» Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.				Фатимаға дидактикалық ойын: «Бөлігін тап» Шарты: Қиылған бөлшектерден белгілі бір құстың суретін құрастыру Айназым.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау				Картотека №16 Бұталарды бақылау.
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың Үйге қайтуы	Кеңес: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.				Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».

Бекітілді: 

Әдіскер: Асанова Л.М

Тәрбиешілер: Бексеитова А.Б.

Исмагамбетова С.О

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы.

Топ: «Көбелек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **13.05 –17.05.2024 жыл**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека №11 Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы өз ойын айта алады.	Саусақ ойынына арналған өлеңдер Бала, бала, балақан, Қане, қайсы алақан?. Саусақтарың әйбат, Былай, былай ойнат. қозғалтады. (қимылмен) (физикалық дағды***, музыка***)	Картотека № 16 Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» «Үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарларын атай алады, олардың төлдерін сурет арқылы топтастыруды біледі.	Картотека №15 Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады. (сенсорика, құрастыру)	Картотека № 18 Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балалар суреттер арқылы құстар туралы, құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді.
	коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. (мәдени гигиеналық дағдылар өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!	Ашық менің жүрегім Блғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!	Сықырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Музыка (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызықты амандасу. Балалар маған қолдарыңды көрсетіндерші. Сендер қолдарыңмен шапалақтай аласыңдар ма? Ендеше бір-бірімізге қарап шапалақтап амандасайық. Бізге аю қонаққа келіпті ол қарным ашты диді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Құлпынай қосылған пирогтар» Мүсіндеу. - Бәліштер жасамас бұрын. Ең үлкен, орташа, ең кішкентай бәлішті көрсетіңіз. Енді бәліштерге толтыру үшін құлпынай салу керек. Ең үлкен бәлішке ең үлкен жидектерді, орта бәлішке орташа жидектерді, кішкентай пирогқа кішкентай жидектерді салыңыз. (мүсіндеу)</p> <p>«Аюға тамақ бер» дидактикалық жаттығуы Қасықтардың көмегімен</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>«Бұршақты бұршақтарға сал» дидактикалық жаттығуы - Бұршақтарды ашып, ішіне бұршақты салыңыз. Кішкене бұршаққа қанша бұршақ сыяды? Аз. Ал үлкен бұршаққа қанша бұршақ сыйды? Көптеген бұршақ. (сенсорика) - Жасыл пластилиннен кесектерді жұлып, одан бұршақ жасап, суретке басыңыз. (мүсіндеу)</p> <p>Түйме ойыны «Тасбақа» Тасбақа әдемі қабық алатындай етіп түймелерді орналастырыңыз. (құрастыру)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ұшақ» Шарты: Геометриялық пішіндерден А3 форматқа ұшақ жапсыру. Олай болса балалар көзімізді жұмып,</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызығушылықты ояту. Бүгін біз достарымызға аю мен кірпі қонаққа барамыз. Кірпілер мен аюлар қайда мекендейді? (Орманда). Оларға барғыларың келе ме? Иә, олар орманда тұрады бізге бару үшін күш керек, алыс жолға шықпас бұрын жылынып алайық. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Сергіту сәті. музыкамен - Біз жол бойымен жүреміз, қонжықпен кездесеміз. Ой мында не отырған? Қонжық. Онымен амандасайықшы! Ой, балалар, қонжықтың әдемі сандықшасына қараңдаршы, онда не бар екен? Қонжық : мен оны ағаштың түбінен таптым, ашқым келді, бірақ аша алмадым, көмектесіндерші.</p>	<p>Тосын сәт. Балалар бізді айдарлы әтеш қонаққа шақырып жатыр екен барамыз ба. Қимылды ойын: «Пойыз» Поездбен саяхатқа қонаққа барамыз Олар «Ғажайып қорап» және айналасына түрлі түсті «қауырсындар» төселген әтеш тұрған үстелдің жанына тоқтайды. Балалар әтешпен амандасады. Балалар, әтеш мұнайып тұр, оған бірдеңе жетіспейтін сияқты. Саған не болды, Әтеш? (Олар қоразды, оның әдемі жүнін тексереді және боялмаған әтештің құйрығына назар аударады). Әтеш сенің көңілсіз болып тұрғаныңды білдік. Өйткені сенде әдемі құйрық жоқ. Ал сенің әдемі түрлі-түсті құйрығың қайда? (әтешке еңкейеді) -Ой, балалар, әтеш қауырсынынан айырылды! Иә, міне, олар үстелде тұр, сондай әдемі, түрлі-түсті. Әтешке бірге</p>	<p>Дене шынықтыру (Маман жоспары бойынша)</p> <p>Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Қоян келеді. Балаларды орманға қонаққа шақырады. Балалар орманға барамыз ба? Орманға саяхат. Ал енді көзімізді жұмып айналамыз. Сикырдың күшімен орманға келіп жеттік (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Суретпен жұмыс. Қане барлығымыз мына суреттерге қарайықшы, ормандағы аңдармен танысайық. Бірге аңдардың атын айтайық. Таныстыру, түсінік беру. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ненің құйрығы» (қыстырғышпен жұмыс) (Лулия шеңбері) (сенсорика)</p> <p>Дидактикалық ойын:</p>
---	--	---	--	---	---

<p>балалар аюдың күшігі түрінде бөтелкенің ауыз қуысына ботқаны құяды. (сенсорика)</p> <p>«Аю» музыкалық ән Балалар ойыншық қонжықтарды алып, олармен ән мәтіні бойынша қимылдар жасайды. (музыка***, физикалық дағды***)</p> <p>«Аюға арналған жастық» жаттығуы - Бала аю жақсы ұйықтау үшін оған ыңғайлы жастық жасаймыз. Балалар аюдың баланың жастығына арналған жастық қапты мақтамен толтырады. (жапсыру)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қонжықтың портрет» мүсіні -Ал енді Мишутканың портретін саламыз. (сурет салу)</p> <p>Қара пластилиннен балалар мұрынды мүсіндеп, суреттің дұрыс жерін басады, қоңыр пластилиннің бір бөлігін екіге бөліп, шарларға айналдырып, тегістеп, құлақтың суретіне</p>	<p>екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс-әрекетінің дамуы (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p>	<p>(балалар сандықшаны ашуға көмектеседі). (музыка***, физикалық дағды***) Ауаны жұтамыз -Күн жылуын, жарығын береді. -Жер ана бізді азықпен қамтамасыз етеді? -Сусыз тіршілік жоқ -Ағаш айналаға көрік береді, көлеңкесін тосады. (қоршаған ортамен таныстыру) Ой қозғау. -Онда не бар? (шишкілер). -Ал олар қандай? (әртүрлі), үлкен және кіші. - Неше шишкі бар? (көп) Біреуін алып ұстап көрейік, тікенді. Балалар қонжыққа алдымен үлкен шишкаларды, содан кейін кішкентайларды жинап берейік. Енді қонжықпен қоштасамыз. -Қараңдаршы, балалар, бұлақ ағып жатыр. Біз одан қалай өте аламыз? (аттау, секіру). Ағыстың үстінен секірейік. Бәріміз бір-бірлеп секіреміз. -Ал мынау кірпінің үйі,</p>	<p>көмектесейік? (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Әтешке қауырсын» - Ренжіме әтеш біз сізге қуана көмектесеміз балаларды үстелге қойылған «қауырсындарды» қарауға шақырады, түсін атау) - Ал әтеш саған қандай қауырсын берейік? (қызыл). Педагог қызыл қауырсынды тауып, оны балаларға көрсетеді, содан кейін оны ұяшықтарға салып: Міне, әтешке қызыл қауырсын бердік балалар тапсырмаларды орындай отырып, әтешке қауырсын береді: бала кез келген «қауырсын» таңдайды, түсін атайды. Мен әтешке сары қауырсын беремін. Тіл байлығын қалыптастыру. Барлық қауырсындарды саңылауларға кіргізгеннен кейін, балалар әдемі әтештің құйрығына таңданады. - Сенің құйрығың қандай әдемі, Әтеш!</p>	<p>«Аңдар не жейді?» (қыстырғыштармен) (Лулия шеңбері) (құрастыру)</p> <p>Балаларды бақылау. Аңдарға жаттығу жасап көрсетейік. (физикалық дағды***)</p> <p>Тосын сәт. Қоянды біреу қорқытты... Қоян дар секіріп қорқып жүр. - Балалар, қу түлкі жақын жерде келе жатыр, қоянды ұстағысы келеді, оларды үйлерге тығып қояйық. (Түрлі түсті үйлер, әр қоянды өз үйіне тығып қою керек) - Балалар, бірақ түлкі терезеден қояндарды көреді. Енді не істеу керек? (Оларды жабу керек) (Балалар бір түсті үйлердің терезелерін пішіндер арқылы жабады, ал түлкі оларды іздейді) - Түлкі қоянды таппай, орманға жүгіп кетіп қалды. - Ой,балалар мына жерде себеттер тұр, оның ішінде қояндарға</p>
--	---	---	--	--

